


Өлең - сөздің сарқылмас дариясы

Асылдар туып, арыстар шыққан текті ел» кітап апталығы аясында ақын Ғафу Қайырбековтің 95 жылдығына арналған поэзия кеші өтті.

Ақын туралы ой-пікірімізді айту, оның өмір жолымен, шығармашылығымен танысу, өлеңдерінен сыр шерту шараның басты мақсаты болды.

Арнау өлеңнен бастау алған кеш барысында ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы бейнебаян тамашаланып, жыр шумақтары оқылды. Сонымен қатар қаламгердің сөзіне жазылған «Ана туралы жыр» әні шырқалып, кештің сәнін келтіре түсті.

Кеш қонақтары: үздік өлкетанушы, оюшы, қолөнер шебері, Шыңғысхан Академиясының академигі Шөптібай Байділдаұлы ақын жайлы естелік әңгімелерімен бөлісіп, Арқалық педагогикалық институтының филология факультетінің аға оқытушысы, магистр, АрқМ-ПИ доценті Ардақ Әмірханқызы ақынның өлеңдеріне лингвистикалық талдау жасады. Сондай-ақ Ғафу ақынның өлең оқыған сәтінен бейнебаян тыңдалды. Ақын жырларының



әр алуандығын паш еткен лирикалық өлеңдері оқырмандардың көңілінен шықты.

Поэзия кешіне Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері атсалысып, ақынның өмірі мен шығармашылығымен таныса отырып, құнды деректермен, рухани жан байлығымен сусындап қайтты.

Гүлназ ЖАҚИЯ,
Облыстық №2
әмбебап-ғылыми
кітапханасының
қызметкері